

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ-ҚОСЫМШАСЫ

# ІЗДЕНІС

## ТРОИСК

*№1. 2015 ж.*

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ-ПРИЛОЖЕНИЕ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 1560-1722



УДК81,373:622.276/.279:[811.111+811.512.122]

МАНСУРОВА Ғ.З.

I курс магистранты 6М011900 Шет тілі: екі шет тілі  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., доцент СМАГУЛОВА А.С.  
Орталық Азия университеті, Алматы қ.

### АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫҢ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Осы мақалада Ағылшын тілі сабағында рөлдік ойындардың қолданылуының ерекшеліктері қарастырылған. Оқушылардың белсенділігін ойын арқылы арттады, мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының арасындағы психологиялық кедергілер жойылады. Яғни, ойында бәрі тең, нәтижесінде ұлшақ, жасқанишақ оқушылар оның барысында белсенді серік болуға мүмкіндік алады.*

**Түйін сөздер:** *рөлдік ойындар, интербелсенді әдістер, эпизодтық, еркін, ұзақ бақыланатын ойын түрлері, тіл дамыту.*

*В данной статье рассматриваются ролевые игры и их применение на уроках английского языка. Ролевая игра-один из эффективных методов обучения иностранному языку. Использование ролевых игр на разных этапах обучения английскому языку повышает мотивацию к изучению языка, так как делает процесс обучения более творческим и интересным. Игра дает возможность робким, неуверенным в себе учащимся говорить и тем самым преодолевать барьер неуверенности.*

*It is considered the use of role-playing game-one of the most effective methods of teaching a foreign language in this article. Using role-playing games at different stages of English languages training increases the motivation to learn the language, as it makes the learning process more creative and interesting. The game allows you the opportunity for students to speak and thus to overcome the barrier of uncertainty.*

«Бала ойынының қарапайымдылығы  
– алдамшы құбылыс, бұны бәрі біледі, бірақ  
оны бәрі түсіне бермейді» (П.Ф Каптерев)

Қазіргі кезеңде ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Бұндай құзыреттілікке жете отырып, оқушылардың қоғамның бәсекеге қабілетті, себебі оқиға мен қатынасу мақсатына сәйкес тілдің ауызша және жазбаша түрлеріндегі тілдік материалдар қолданысқа түсе алады. Шетел тілдерді оқытудың қазіргі әдістемесінің өзекті мәселерінің бір-әртүрлі жастағы балаларды ойын көмегімен оқыту болып отыр.

Ойын - мәдениет феномені. Ол – оқытады, тәрбиелейді, дамытады, ойын-сауық, демалыс уақыттарын сыйлайды. Бала өмірін ойынсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан да педагогтар мен психологтардың негізгі мақсаты-ойын процесінде баланың жан – жақты дамуы, танымдық қызығушылығын арттыру, тілін дамыту т.б. Ойын әрдайым оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнына сәйкес таңдалынады. Бұл

классификацияға төмендегі ойын түрлерін көрсетеміз: Сабақ өткізгенде ойын кезінде мына негізгі принциптерін ескеру тиіс:

- *Әдетін материалды игергенде бала тапсырманы ойын ретінде қабылдауы, қызығушылығын арттыру.*
- *Тығымдық, яғни балалар ұжымын біріңғай топтастыру.*
- *Жеке және топтық тапсырмаларды қарсыластарынан бұрын шешу арқылы қызықты үнемдеу және достарына үлгі болу.*
- *Әр ойынның мазмұнында жаңа элементтер болуы тиіс.*
- *Балаларға ойынның пайдасын айтпау керек.*
- *Ойын ол сабақ емес, ол жаңа тақырыпқа балаларды қатыстыратын ойын болуы керек.*
- *Тәрбиешінің эмоциясы сол іс-әрекетті қалай сезінуіне байланысты болуы керек.*
- *Ойын- ол диагностика құралы, бала ойын кезінде барлық жағымды, жағымсыз қасиеттерін көрсете алады. [1,8]*

Ойын кезінде баланы мәжбүрлеуге, ойынды бұзған балаларды бұл жерде жазалауға болмайды. Ойын соңында талдау жасап кім өзін қалай ұстағанын айтады. Баланың тілін дамытуда ойын мен ертегінің бала жүрегінің сабақта өте қуанышты жағдайын көрсетеді. Айтқым келіп отырғаны негізгі мақсат танымдық іс - әрекет емес, жеке қасиеттерін қалыптастырып ауызша жауап беру арқылы тілін дамыту. Ойын терапияны алғаш қолданған ағылшын психологы Анна Фрейд екінші дүние жүзілік соғыста Лондондағы бомбылауда зардап шеккен балалармен жұмысында көрсетті. Егер бала ойын кезінде өзінің уайымын көрсете, сөзбен жеткізе білсе ол қорқыныштан, уайымнан арылады.[2,22]

Ойын - балалар үшін тек сөз емес, ол тіл, сондықтан балаға дер кезінде көңіл бөле білу керек. Ойнап отырған жалғыз бала және ойнап жүрген балалар тобы педагогикалық тұрғыдан қарағанда екі түрлі жайт. Ойын балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі. Ойынның негізгі ерекшелігі: балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым – қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі.[3,38]

Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балабақша» т.с.с болып ойналады. Ойынның сюжеті, мазмұныт-бұл ойынның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекетінің, балалардың өзара қарым – қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайды. Ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға ықылыс пен ынтаны қоздырады. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез - құлқы мен өзара қарым - қатынастарын анықтайды және реттейтін ереже белгілейді.

Ойын бала үшін нағыз өмір. Олай болса тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастыра білу қажет. Ол балаларға жақын болуға, олардың ойындарының сүйікті қатысушысы болуға тиіс. Ойын көбінесе серуен кезінде ұйымдастырылады. Сондықтан аулада арнаулы құрылыстар, ғимараттар, кемелер, автобустар, көптеген құрылыс материалдары күректер, доптар, секіргіштер болуға тиіс. Ойын сонымен бірге сабақ кезіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашан да өзінің қызықтылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне



тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті - рольді, драматизиялық, дидактикалық, құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді [4,46]

Сюжетті – рольді ойындар мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өміріне елеулі орын алады. Сюжетті-рольді ойындарының ерекшелігі сол, оны балалар өзі жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті – рольді ойында бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттерін, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда балалар дәрігер мен науқастың әрекеттеріне келтіреді.

Драматизиялық ойындарда мазмұн, рольдер, ойын әрекеті қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжеті мен мазмұнына сәйкес болады. Ол сюжетті - рольді ойынға ұқсас. Драматизия ойынында балаға қандай да болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек, ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс. Құрылыс ойыны - балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан тірлі құрылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті - рольді ойынға ұқсас келеді және соның бір түрі деп қаралады. Олардың қайнар көзі біреу - қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрылыстар салады. Құрылыс ойындарда олар қоршаған заттардың, құрылыстардың көшірмесін жасап, құр бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге өздерінің шығармашылық ойын, жобалық міндеттерінің өзіндік шешімін енгізеді. Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Ойын өлең мен қимылды ұштастыру негізінде тән оқыту формасы болып табылады. Ойын өлең мен қимылды ұштастыру негізінде ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті - қақпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойынның нәтижесі қандай жолмен болса да өту емес, балалардың білімді игеру, ақыл-ой қызметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерінің көрсеткіші. Дидактикалық ойындарда да балалардың алдына қандай да бір міндеттер қойылады, оларды шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ережені ой елегінен өткізе білу т.б. Олар балалардың түйсіну және қабылдау қабілетін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруін көмектеседі. Дидактикалық ойындар айналамен табиғатпен таныстыру сабағында жиі қолданады. Дидактикалық ойындар топ бөлмесінде, аулада, залда, учаскеде өткізіледі. Дидактикалық ойынның орталығы ойыншықтар мен ойын құралдары.

Әрбір топта дидактикалық тұрғыдан жабдықталған қуыршақ, оның күнделікті тұтынуына керекті барлық заттардың комплектілері болу керек. Үстел үсті ойындары лото, домино, тапқырлық ойындар («Қайда не өседі?» «Бұл кімге керек» т.б.) пазылдар, леголор қимыл белсенділіктерін, ептілікті талап ететін ойындар. («Ұшатын қақпақтар», «Қаздың балапаны» т.б) мозайка типтес ойындар жатады. Ересек топтағы балалар қағазға басылған үстел үстінде ойналатын ойын қызықты келеді. Оларға табиғат құбылыстары, көліктің алуан түрлері (Кім не біледі? Немен жүреді? Немен жүзеді? Немен ұшады?) бейнеленген, ертегілердің кейіпкерлері қимыл көрсетеді. Қимыл ойындарда балалардың қозғалысын жүгіру, секіру өрмелеу т.б қимылдарға жаттығуына және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары барлық жүйке - психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды салаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойында ережелерді

ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез – құлқын анықтайды. Сол сияқты ойындар да топта жас ерекшеліктеріне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, сауында да өте қажет, тіпті бала жай дем алып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады.

«Ойын - негізгі тәжірибе мен терең ойлаудың көпірі» - деп педагог С.Пинжи айтқандай, ойын - ақпарат алмастыру құралы, өмірлік проблемаларды жеңе білуді үйрену. Баланың өмірдегі түсінігі, еліктеуі, бақылауы осы ойын үстінде көрініс табады.

Шетел тілдерін оқытудың қазіргі әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі - әртүрлі жастағы балаларды ойын көмегімен оқыту болып отыр. Бұл мәселелердің өзектілігі тұтастай бірқатар факторлардан туындаған.

Біріншіден, оқу процесін біріздендіру, оқушылардың материалға қызығушылығын арттыру жолдарын іздеу және бүкіл сабақ барысында олардың қызметін белсенді ету міндетін алға қою.

Екіншіден, шетел тілдерін оқытудың ең маңызды мәселелерінің бірі тілдің коммуникативті қызметін ашуға жағдай жасайтын және шет ел тілін зерттеуге деген мотивацияны көтеретін нақты оқыту шарттарына оқыту процесін жақындатуға мүмкіндік беретін ауызша сөйлеуді оқыту болып табылады. Әдіскерлер ойын әрекетінің оқыту құралы ретіндегі келесі белгілерін атап көрсетеді: ынталы болу, жеке тұлғалық терең әрекет, ұжымда және ұжым арқылы оқыту және тәрбиелеу, психикалық қызметтер мен қабілеттерді дамыту, қызықтырып үйрету. Ойын үйретеді, өзгертеді, тәрбиелейді. [5,8]

Ойын – эмоциялық және ақыл-ой күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылған сабақ. Бір ойынның өзі әртүрлі орындалуы, әртүрлі нысанды қабылдауы мүмкін, бірақ олардың бәрінің негізінде импровизация тұр. Ойын табиғатын, оның таңқаларлық мүмкіндігін түсіну – бұл бақытты балалық шақтың табиғатын түсіну, өзіңіз бағып отырған балаларды түсіну.

Ойындар шағын топтарда (3-5 қатысушы) жүргізіледі. Қатысушылар карточка арқылы (тактада, парақтарда және т.б.) тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойлайды және барлық топқа ұсынады (көрсетеді). Оқытушы балалардың мінез-құлбын ескере отырып рөлді өздері бөледі.

Сонымен қатар, оқу ретіндегі ойын тиімділігі мынадай бірқатар талаптарды қамтуға байланысты, яғни олар: оқушылар әрекет ететін қиялдағы жағдайдың, жоспардың болуы және балалардың ойын нәтижесін, ойын ережесін міндетті түрде түсінуі. Ойын бұл тек ұжымдық көңіл көтеру емес, бұл оқытудың барлық міндеттеріне қол жеткізудің негізгі тәсілі, сондықтан ол қандай дағды және мәдениетті талап ететіндігін, баланың нені жасай біледі және ойын барысында неге үйренгендігін білу қажет. Ойын оқушылардың ойлау қабілетін күшейту қажеттілігін қамтамаза қоюы керек [6,24].

Рөлдік ойын басқа тілде қарым-қатынас жасау, сөйлесу саласын кеңейтуге, білім оқушылар пікір айтуда мазмұнды жағына назар аударуға мүмкіндік беретін тиісті тақырыптарды дамыту және машықтандыру жаттығуларындағы тіл материалдарын оқып-ала меңгеруді болжайды. Сабақта жиі қолданылатын рөлдік ойындардың тірін төмендегі кестеден көрінеді.



### 1-кесте Рөлдік ойын түрлері

Рөлдік ойын түрлері	Рөлдік ойын қасиеттері
1.Бақыланатын	Оқушылар қажетті сөздерді алады.
2.Белгіленген деңгейде бақыланатын	Оқушылар сюжеттің жалпы сипатын және өз рөлдерінің сипатын алады.
3.Еркін	Оқушылар қарым-қатынас жағдайын алады.
4.Эпизодтық	Жекелеген эпизод ойналады.
5.Ұзақ	Ұзақ уақыт кезеңінде эпизодтар сериясы ойналады (мысалы, сынып өмірінсі).

Бақыланатын рөлдік ойын әлдеқайда қарапайым түр болып табылады және диалог немесе мәтін негізінде құрылуы мүмкін. Бірінші жағдайда оқушылар базалық диалогпен танысады және оны өңдейді. Содан кейін олар мұғаліммен бірге диалог мазмұнын талқылайды, сөйлеу эпизоды нормаларын және қажетті лексиканы өңдейді.

Белгіленген шекте бақыланатын рөлдік ойын әлдеқайда күрделі болып табылады, онда қатысушылар сюжеттің жалпы сипатын және өз рөлдерінің сипаттамасын алады. Мәселе мынаған негізделеді: рөлдік мінез-құлық ерекшеліктері тек орындаушыға ғана белгілі болады. Қалған қатысушылар олардың әріптесі қандай мінез-құлық көрсететіндігін табу маңызды және өзінің жауабы туралы тиісті шешім қабылдауы тиіс.

Еркін рөлдік ойынды жүргізген кезде оқушылардың өздері қандай лексиканы пайдаланғаны дұрыс, әрекет қалай дамуы тиіс екендігін шешу тиіс, мұғалім рөлдік ойынның тақырыбын ғана атайды, ал содан кейін оқушылардан осы тақырыптың әртүрлі аспектілерін қозғайтын әртүрлі жағдайларды құрастыруды сұрайды. [7,32]

Ойындарға қойылатын негізгі талаптар. Қазіргі кездегі шетел тілі сабақтарында қарым-қатынастың нақты жағдайын модельдеу үшін рөлдік ойындарды пайдаланудың өзіне тиісті талаптары бар. Олар:

1. Ойын оқу мотивациясына ынталандыруы, оқушылардың тапсырманы жақсы орындауға қызығушылығы мен ұмтылысын тудыруы тиіс, оны қарым-қатынастың нақты жағдайына тең жағдай негізінде жүргізу қажет.

2. Рөлдік ойынды мазмұны тұрғысынан да, нысаны жағынан да жақсы дайындау, дәл ұйымдастыру қажет. Білім алушылардың белгілі бір рөлді жақсы орындау қажеттілігіне көздері жетуі қажет. Тек сонда ғана олардың сөздері табиғи және шынайы болады.

3. Рөлдік ойынды бүкіл топ қабылдауы тиіс.

4. Ол міндетті түрде жағымды шығармашылық ортада жүргізіледі, оқушыларда қанағаттану, қуаныш сезімін тудырады. Рөлдік ойында білім алушылар өздерін неғұрлым еркін сезінсе, олар соғұрлым қарым-қатынасқа қызығушылық білдіретін болады. Уақыт өте келе онда өз күштеріне деген сенімділік сезімі, яғни әртүрлі рөлдерді ойнай аламын деген сенім пайда болады.

5. Ойын білім алушылар белсенді сөздік қарым-қатынасқа мүмкіндігінше көп тиімділікпен өңделетін сөздік материалды пайдалана алуы үшін ұйымдастырыла алады.

6. Оқытушы міндетті түрде рөлдік ойынға, оның тиімділігіне сенеді. Тек осындай жағдайларда ол жақсы нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін.

7. Оқытушының білім алушылармен байланыс орнату білуі үлкен мәнділікке ие.

Рөлдік ойынды дайындау, жүргізу және талқылауды басқарудағы және оқу-білім байланыс орнату жағдайларын құрудағы негізгі қызметті оқытушы да, оқушы да жүзеге асыруы мүмкін. Сонымен, оқу-сөйлеу жағдайлары ойындардың құрылымдық негізі болып табылады. Қарым-қатынасты үлгі ете отырып, оқу-сөйлеу жағдайлары рөлдік ойын құрамындағы маңызды компонент ретінде оқушыларды ұсынылған жағдайларға қояды.

Қорыта айтқанда, ғалымдардың тұжырымдауы бойынша «ойындар аз көлеміндегі жалғатты ұсынады, бірақ оның берік түрде игерілуін және терминдердің де, игерілетін білімнің жүйелілігінің де оң қабылдануын қамтамасыз етеді. Сапалы ұйымдастырылған іскерлік ойынды кез келген оқытушы өз сабағында ұтымды пайдалана алады».

#### Қолданған әдебиеттер тізімі

1. Исакова Ж.Т. "Ойынның шығу тарихы". Жалпы білім беру мектебі.- Павлодар қ.
2. Абдинова Ү.Д. "Тіл үйретуде ойынның маңызы" – Екібастұз қ.
3. Жарылқапова А.Б. "Оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуда рөлдік ойындарды пайдаланудың маңыздылығы..". – Қызылорда қ.
4. Тәбиева Ә.Т. "Ағылшын тілі сабағында студенттердің сөйлеу дағдысын дамыту". – Алматы қ.
5. Жанибекова Г.Б. "Ағылшын тілі сабақтарында ойын әдісі арқылы оқушылардың коммуникативті біліктілігін дамыту".- Қызылорда қ. 2012
6. Сейтказы Ғ.О. "Студенттердің мамандықтарына сәйкес ағылшын тілін үйрету". - Алматы қ.
7. Макапова Г.К. « Роль ролевых игр в обучении иностранному языку» // Қазақстан мектептеріндегі шет тілі 6/2006.- 37-40 б.

Г А К Р А М А К. М.

к.ф.н., ассоциированный профессор ФОП МОК (КазГАСА)

#### ПЕРСОНАЖНАЯ СФЕРА РАССКАЗОВ Т. АБДИКОВА

Основное действующее лицо рассматривается в основном с идейной и художественной точек зрения. Одним из продуктивных предметов литературного исследования является анализ модели личности художественного персонажа. Конкретный персонаж художественного произведения как автономная личность может служить такой определенной моделью для литературоведческого исследования.

В произведении «Таласбай» автор повествует о жизни и судьбе одного героя, который во времена репрессий и гонений был осужден за профессиональную принадлежность, так как относился к мусульманской религиозной семье. Название рассказа носит имя главного героя. В его характеристике отмечены набожность и истинные качества праведника. Он был глубоко верующим человеком, несмотря на то, что верование наказывалось в те времена очень жестоко, людей за подобные деяния сажали в тюрьмы, отправляли в лагеря на долгие годы. Позицию автора